

Ахметов Қ.

Ғалымның мерейтойы аясында/ Ахметов Қ. // Орталық Қазақстан. - 2005. – 31 наурыз.

Қарағанды қаласындағы көпшілік кітапханалар жүйесінің №4 бөлімшесінің оқу залында академик Е. Бөкетовтің 80 жылдық мерейтойына арналған еске алу кеші өтті.

Кешке Евней Арыстанұлының туған інісі Қамзабай Бөкетов, жазушы Валерий Могильницкий, «Дала мен қала» газетінің меншікті тілшісі Сая Юсупова, «Отан» партиясының мүшесі Сара Яхина қатысып, кешке жиылған №12, 137, 85 орта мектептердің 11 сынып оқушылары мен ұстаздардың, оқырмандардың алдында, аты әлемге мәшһүр ғалымның өмірі мен ғалымдық, жазушылық қыры жайлы әңгімеледі.

Бұл жиын академиктің ғылыми-шығармашылық, ұйымдастырушылық, басшылық, қызметі адами қасиеттері мен таланты жайлы көпшіліктің тереңірек білуіне септігін тигізгені сөзсіз. Ғұлама ұстаз, халқының адал ұлына арналған осы танымдық шара «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында және ұлы тұлғаның мерейтойына орай өткізілді. Кеш соңында қонақтар кітапхана ұжымына Е. Бөкетовтің тәбәрігі ретінде кітаптар тарту етті. Сондай-ақ, еске алу кешіне «Жан жақты және көп қырлы талант иесі» көрмесі әзірленіп, кештің ұйымдастырушысы - кітапхана бөлімшесінің меңгерушісі Баян Жақсыбаева көрмедегі кітаптарға екі тілде шолу жасады.